



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

**Ел үшін! Жер үшін!
Билік – халыққа!**

**Қазақстан Халық Партиясының
сайлауалды бағдарламасы**



Билік олигархтарға,
либералдарға, жемқорларға,
тек халыққа!



ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚСТАН — еркін және ауқатты адамдардың елі!

Қазақстанда қалыптасқан жүйесінің мәнін түбегейлі өзгерту қажет. 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалар кландық-олигархиялық капитализм Жүйесінің халыққа қарсы әлпетін әшкереледі.

Ел байлығының дені олигархтардың қолында. Қазақстан халқы кедейленіп, әділдікке деген сенімін жоғалтып жатыр. Монополи-ялар ресурстарды рәсуалап, өмірдің барлық салаларындағы сы-байлас жемқорлық миллиондаған қарапайым адамдардың бо-лашағына балта шабууда. Ресми дерекке сүйенсек, Қазақстанда 3 млн-ға жуық азамат кедейліктің кебін киіп отыр.

Соттар әділетті шешім қабылдау міндетін мінсіз орындауы тиіс. Мемлекеттік аппаратты түбегейлі тазарту қажет. Медицина, білім салаларының сапасы сын көтермейді. Жекеменшікке берілген жер аграрлық секторды жетекші салаға айналдыра алмады, қа-рапайым халық жайылымнан айырылып, жұмыссыздықтың сал-дарынан ауылдарды тастап кете бастады.

Ұлттық банк Халықаралық валюта қорының батыстық термино-логиясына сүйеніп, ақша-несие саясатын шикізат пен қаржылық олигархаттың мүддесіне икемдегенінің салдарынан теңгенің құны түсіп кетті. Қаржы жүйесі өсімқорлыққа бет бұрып, ха-лықтың басым бөлігі несие «қамытын» киюге мәжбүр болды. Ал коллекторлар азаматтарға жиі қоқан-лоқы көрсете бастады. Тек пандемия кезеңінде банктер шектен тыс пайыздық үстеме

Қазақстандағы байлықтың бөлінісі мен кедейлердің үлесі

Азаматтардың
96,6%

жылына \$10 мыңға
жетпейтін сомаға өмір
сүреді.

Олардың жартысынан
астамы жылына небары
~\$1300 өмір сүреді



Тұрғындардың
0,001% ел
байлығының басым
бөлігіне иелік етеді

Әрбір 7-ші қазақстандық – кедейлік шегінен төмен деңгейде

Бұл 3 МЛН астам адам

Ұлттық валютаның құнсыздануы



29 жылда теңге USD шаққанда шамамен
90 есе құнсызданды

* ЖЫЛЫНА ОРТА ЕСЕППЕН ТЕҢГЕНІҢ ДОЛЛАРҒА ШАҚҚАНДАҒЫ РЕСМИ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ

арқылы 11 млрд доллар көлемінде табыс тапты. Қазақстан халыққа берілген несиені бизнеске берілген несиеден асып кеткен әлемдегі санаулы елдердің біріне айналды.

Қазір қоғам алдында таңдау тұр: мемлекет пен халық арасындағы қарым-қатынастың жаңа жүйесін құру немесе әділетсіздік пен заңсыздыққа бұдан әрі мойынұсына беру. Халық өзгерісті талап етіп отыр.

Мемлекет басшысының саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалары, оның ішінде 2022 жылғы 16 наурыздағы және 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдаулары, сонымен қатар сайлауалды бағдарламасы біздің саяси көзқарасымызбен толық сәйкес келеді.

Қалыптасқан сыртқы және ішкі ахуалға байланысты қазақстандықтар қордаланып қалған өзекті мәселелер мен қоғамдық құндылықтарға жіті назар аударуға мүмкіндік алды. Біз үлкен тарихи жолайрықта тұрмыз. Сондықтан дұрыс таңдау жасау қажет. Барлығымыз бейбітшілікті, егемендік пен аумақтық тұтастықты сақтауға тиіспіз. Әр азаматтың отаншылдығы өз мемлекетінің еркіндігі мен тәуелсіздігінің ұйытқысы болуы керек.

Қазақстан Халық партиясы социал-демократиялық бағыттағы саяси күш ретінде еңбек адамының құқықтарын қорғайды және ел азаматтарының басым көпшілігінің мүддесін білдіреді!

Қазақстан Халық партиясы елімізде қолға алынған реформа-

Қазақстандағы кредиттер бойынша берешек көлемі

Тек 2022 жылы



өсті

Тұрғындардың
жартысынан астамының
кредиті бар



13,4^{*}
ТРЛН ₸

Кредит сомасы

* ҰЛТТЫҚ БАНК МӘЛІМЕТТЕРІНЕ СӘЙКЕС 2022 ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙМЕН АЗАМАТТАР
АЛҒАН НЕСИЕНІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ

ларға басшылық етіп, әділетті әлеуметтік мемлекет құруға әзір екенін мәлімдейді. Бұл ретте біз Мемлекет басшысының реформаларымен толық үндесеміз.

Біздің партия өзінің Халықтық Үкімет құрамын ұсынады!

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – елдің билігі мен байлығы Қазақстан халқына тиесілі болатын әділетті қоғам құру!

БІЗДІҢ ФОРМУЛАМЫЗ: Әділ Президент – Ықпалды Парламент – Халықтық Үкімет.

Қазақстан Халық партиясы өзінің Іс-қимыл бағдарламасын ұсынады. Бағдарлама үш бөлімнен тұрады:

- 1. БИЛІК –
ХАЛЫҚҚА!**
- 2. БАЙ АЗАМАТТАР –
БАЙ МЕМЛЕКЕТ!**
- 3. ӘР ОТБАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА!**

Бүгінге дейін Қазақстан Халық партиясы нақты нәтижеге қол жеткізді. Мәжілістегі фракция депутаттары «Жер мен жер қойнауы халыққа тиесілі» деген ұсынысқа бастамашы болды және бұл түзету ҚР Конституциясына енгізілді. Біз еліміздің әрбір азама-

**Халықтың дауысы
мен еркі бар
екенін дәлелдейік!**

Қолдаймын!

БАЯНА САПАР
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

тына ұлттық байлықты қайтару тетігін іске қосуға қол жеткіземіз!

Біз әйелдер 58 жаста зейнетке шығу керек деген қозғалысты қолдап, митингілерге қатыстық. Нәтижесінде әйелдердің зейнетке шығу жасын 61 жастан ұлғайтпау жөнінде 5 жылдық мораторий жарияланды.

Әйел – ана, қыз, қарындас, жар! Біз Парламентте оларды қорғайтын заң қабылдаймыз!

Біз Артспорт қозғалысын қолдадық. Осының арқасында жүздеген мың бала спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге тегін қатысты. Балалар мейірім мен қамқорлықты қазірден бастап сезініп өсуі керек. Біз балаларымыздың спортпен және шығармашылықпен тегін айналысқанын қолдаймыз!

Біз – олигархтардың мүлкін тәркілеуді жақтаймыз!

Біз – заңсыз жекешелендірілген кәсіпорындарды мемлекетке қайтаруды талап етеміз.

Біз – негізгі инфрақұрылымдық салалар мен стратегиялық маңызды кәсіпорындарды мемлекет меншігіне қайтаруды қолдаймыз!

Біз – прогрессивті салық салу шкаласын талап етеміз!

Біз – сән-салтанат салығын енгізуді жақтаймыз!

Біз – барлық сала бойынша шетелдік инвесторлармен жасалған келісім-шарттардың қайта қаралуын және ашық ресімделуін талап етеміз!

Біз Қазақстанның барлық қалаларында сәулет ерекшеліктерін және оның тарихи құндылығын ескермей, ретсіз әрі тығыз салынатын құрылыстарға қарсымыз! Біз қалалар мен ауылдардағы таза ауа мен әдемі сәулеттік келбеті қолдаймыз!

Біз қолданыстағы антихалықтық Еңбек кодексіне қарсымыз! Жаңа Қазақстанға – жалдамалы қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқығын тиісінше қорғайтын жаңа Еңбек кодексі қажет! Біз – мықты және жұмыс берушіден тәуелсіз кәсіподақтарды қолдаймыз!

Біз ақбөкендерді қорғаған жалғыз партиямыз! Қазақстан Халық партиясы 80 мың ақбөкенді атуға қарсы шықты, нәтижесінде Президент Қ.Тоқаев бұл шешімнің күшін жойды, экология министріне сөгіс жарияланды, кейіннен ол отставкаға кетті. Біз – жануарларды қорғауды және еліміздің биоәртүрлілігін сақтауды қолдаймыз!

Біз – ТКШ жаңарту мен моноқалаларды қалпына келтіруді қолдаймыз!

Біз – заманауи автожол салуды жақтаймыз!

Біз – Қазақстанның барлық аумағында сапалы интернет болғанын талап етеміз!



Мәжіліс пен мәслихаттарға заңды өкілеттіктерін қайтару

1.1.1. Президент Қ. Тоқаевтың реформалары әділетті қоғам құрудың алғышарты болды. Реформалардың түпкі мақсаты – Адам мен Азамат, оның құқығы мен бостандығы барлығынан жоғары тұратын нағыз халықтық мемлекет құру. ҚР Конституциясының 3-бабына сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Ол тиісті өкілеттіктерді бере отырып, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі сынды 3 тармағын қалыптастырады.

1.1.2. Қазақстан Халық партиясы билік өкілеттіктерін бөлуде тежеу мен тепе-теңдіктің саяси жүйесін жақтайды. Біз – халық билігі салтанат құратын бір палаталы Парламентті қолдаймыз! Мемлекет басшысы бастаған саяси реформалар бір палаталы мықты Парламенттің құрылуына және оның өкілеттіктерінің кеңеюіне алып келуі тиіс. «Ықпалды Парламент» қағидаты жүзеге асырылуы керек.

1.1.3. Республикалық бюджеттің атқарылуын тексеру өкілеттігі бар Аудиторлық палата Мәжіліс құрамына кіруі тиіс. Бақылау функциясы сенімді ақпаратты қалпына келтіру үшін қажет. Себебі үкіметтің қазіргі есеп беру тәсілі сырғытпа жауап тәріздес.

1.1.4. Мәжіліс қоғамдық мүддені білдіретін барлық оқиғаларға парламенттік тергеу жүргізу құқығына ие болуға тиіс. Осылайша, біз халықтың объективті ақпарат алу құқығына қол жеткіземіз. Зерттелетін фактілерге саяси баға беру қажет. Бұл халықтың әділеттілікке деген сенімін қайтаруға ықпал етеді. Мұны Мемлекет басшысы да мәлімдеді.

1.1.5. Үкімет коалициялық болуы немесе оны жеңімпаз партия жасақтауы тиіс. Президент 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында «Болашақта Үкіметтің құрамына сайлаушылардың басым дауысына ие болған саяси күштердің ғана емес, басқа парламенттік партиялардың да өкілдері кіре алады» дегенді алға тартып, халық билігі қағидатын түсіндіріп берді. Бұл ретте Президенттің Үкімет құрамын бекіту, отставкаға толық немесе жекелеген министрді жіберу жөніндегі өкілеттігі қалады. Саяси партиялар үкіметтің әрекеті үшін жауап береді, бұл келесі сайлаудың нәтижесіне әсер етеді.

1.1.6. Барлық деңгейдегі мәслихаттар атқарушы биліктен тәуелсіз жұмыс істеп, дербес қаржыландырылуы, ғимараты мен мүлкі болуы керек. Бұл үшін республикалық бюджетке өзгеріс енгізу қажет. Әкімдер жергілікті мәслихаттарға толық есеп беруі тиіс.

1.1.7. Мәслихаттың тексеру комиссиялары тәуелсіз жұмыс істеуі керек.

**Биліктегі
әйелдердің
саны артсын!**



Қолдаймын!

АНАР ДҮКЕНБАЕВА
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

1.1.8. Әділ сайлау – демократияның ең маңызды элементі. Сайлаушылардың дауыстарын бұрмалаудың қалыптасқан тәжірибесі қоғамның нигилизмі мен сайлауға деген сенімнің жоғалуына әкелді. Салдарынан азаматтардың отаншылдық деңгейі төмендеп, аңсары шет мемлекетке ауып тұратындардың қарасы көбейді. Атқарушы билік сайлауға ықпал етпеуі керек. Сайлаушының әр дауысының қаржылық құны бар екенін ескере отырып, дауыс ұрлауды парламенттік партияларға бөлінген салық төлеушінің ақшасын ұрлау деп білу керек. Дауыс беру нәтижесін бұрмалағаны, сайлау комиссияларының мүшелеріне қысым жасағаны және оларға пара бергені үшін қатаң қылмыстық жаза енгізуді талап етеміз.

1.1.9. Дауыс берген сайлаушылардың санын және дауысты санау рәсімін бақыламай әділ сайлау өткізу мүмкін емес. Сайлау учаскелеріне бейнетіркеу енгізу қажет. Камералар кіреберісте, залда, дауыс санау үстелінің үстінде болуы керек. Дауыс беру нәтижесі көрінуі үшін әр бюллетеньді бақылаушыларға көрсету қажет. Сайлаушылардың саусақ ізін қолдану арқылы сайлау дауысын бұрмалаудың алдын алу ең тиімді шешімі болып саналады. Тек осылай ғана біз халықтың әділдікке деген сенімін қайтарамыз. Президенттің реформаларын басқаша жүзеге асыру мүмкін емес. Сайлауды цифрландыру – Президент реформасын ақиқатқа айналдырудың тиімді тетіктерінің бірі. Электронды дауыс беру дауыс ұрлаудың жолын кеседі. Қоғамға заңды түрде сайланған депутаттар мен әкімдер қажет. Бұл – елді жаңғыртудың кепілі.

**Ешбір партияға
сенбейсің бе?
Онда халыққа сен!**

Қолдаймын!

ДУРСУН ТОКЛАЕВ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

1.2 Сот-құқықтық жүйесін реформалау

1.2.1. Біз – сот жүйесінің тәуелсіз болуын талап етеміз! Аудандық деңгейдегі соттар қылмыстық, әкімшілік және экономикалық істердің негізгі бөлігін талдайды, сондықтан сот жүйесіне деген сенімді қайтаруды аудандық сот судьяларын сайлаудан және өзін сайлаған аудан халқына есеп бергізуден бастау қажет. Судьяларды шенеуніктер мен Жоғарғы соттың тағайындауы сыбайлас жемқорлыққа бастайды. Сот әділ және теріс салдарсыз тағайындалуы тиіс. Аудандық соттардың судьяларын халық сайлауы керек!

1.2.2. Қазақстан Халық партиясы облыстық мәслихаттардың облыстық және теңестірілген соттардың судьяларын, оның ішінде аудандық және облыстық соттардың төрағаларын сайлауын қолдайды.

1.2.3. Жоғарғы Сот судьяларының сандық құрамын 65-тен 25-ке дейін қысқарту есебінен кассациялық сатыға толық қол жеткізуді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды қамтамасыз ету үшін жеке судьяның қарау құқығын алып тастап, ҚР Кассациялық сотын құру қажет. Конституциялық заңға сәйкес, сот жүйесі жергілікті соттар мен Жоғарғы соттан тұрады, онда судьялардың жеке шешім қабылдауына рұқсат берілмеген. Бұл конституциялық айшылықты жояды. Осылайша Касса-

циялық сот жергілікті соттардың соңғы сатысы болып табылады. Біз – кассациялық сот құруды қолдаймыз!

1.2.4. Жоғарғы Сот, сот төрелігінен басқа, жергілікті соттардың құзыретінде жоқ бірқатар соттан тыс қызметтерді орындайды, атап айтқанда: а) қолданыстағы құқыққа қатысты нормативтік қаулы қабылдау; б) мемлекеттің сот саясатын әзірлеу және іске асыру; в) халықаралық қарым-қатынастарға кіру.

Қазақстан Халық партиясы Жоғарғы Сот төрағасы мен Бас прокурордың дискрециялық өкілеттіктерін алып тастауды – сот төрелігіне тән емес және Конституцияға қайшы келсе де күшіне енген сот актісінің күшін жоюға айрықша тәртіппен ұсыныс енгізу қажет деп санайды.

Осы қызметтерді Жоғарғы сотқа беру және олардың істі үш негіз бойынша қарау құқығын айқындау қажет: а) азаматтардың конституциялық құқықтары мен ұлттық қауіпсіздік мүддесі бұзу орын алған кезде; б) сот тәжірибесінде құқық қолдану бірлігін қамтамасыз ету үшін; в) соттың құқық нормасы мен құқықтық ұстанымы болмаған жағдайда және соттың не істей алатынын айқындайтын дау туындаған кезде Парламенттің норма шығаруына себеп болу.

1.2.5. Сот жүйесін реформалау сот ісін жүргізетін тарап-

тардың бәсекелестігі мен теңдігі, кінәсіздік презумпциясын мүлтіксіз сақтау, айыптаудың негізсіздігін айқындау сияқты бастамаларды жүзеге асырудың кепілдіктерін нығайтуға тиіс. Судьялардың тәуелсіздігін және олардың тек заңға бағынуын қамтамасыз ету қажет. Судьялардың қызметіне араласқаны үшін қылмыстық жауапкершілік болуы керек.

1.2.6. Прокурорлық қадағалау қағидатын іске асыру үшін прокуратура органдарының жауапкершілігін арттыру қажет.

1.2.7. Полиция қызметкерлері кәсіби білікті болуы, азаматтармен қарым-қатынас кезінде заң мен мінез-құлық мәдениетін қатаң сақтауы керек. Кәсіпкерлерге қоқанлоқы көрсетуге, бопсалаумен айналысуға, пара алуға жол беруге болмайды. Азаптау мен азаматтарға моральдық, физикалық қысым жасаудың барлық тәсілдері қатаң жазалануы тиіс. Полицейлерді материалдық қамтамасыз ету және оларға еңбекақы төлеу заман талабына сай болуы керек. Полиция қызметкері отбасын асырау мәселесіне алаңдамауы және заң бұзбауы керек.

1.2.8. Тергеу органдарын Ішкі істер министрлігінен бөліп, Мемлекеттік тергеу комитетін қайтару қажет.

1.2.9. Елде заңның сақталуы үшін адвокатураның маңызы зор. Олардың рөлін прокуратурамен бір деңгейге

шығарып, соттағы тең бәсекелестікті қамтамасыз ету қажет.

Біз адвокаттар мен заң кеңесшілерінің рөлін кеңейтуді, азаматтардың құқықтарын сақтауды және кінәсіздік презумпциясын қолдаймыз. Біз заңсыздыққа және сот озбырлығына қарсымыз.

1.2.10. Сот-құқықтық жүйесінің кәсіпкерлерге рейдерлік жасауы арсыздық болып табылады. Бұл жалпы елдегі инвестициялық ахуалға әсер етеді, кәсіпкерлік белсенділікті төмендетеді және капиталды шетелге жылыстатуға итермелейді. Құқық қорғау жүйесі қызметкерлерінің бір бөлігі мен олардың отбасы мүшелерінің шығыстары мен кірістерінің арасындағы алшақтық жалпыға белгілі факт. Сыбайлас жемқорлық пен бопсалау түбегейлі жойылғанға дейін оған қарсы күрес үздіксіз жалғаса беруі тиіс.

1.2.11. Жеке сот орындаушылары мемлекеттің үмітін ақтамады және қоғамның сынына ұшырады. Сот орындауын мемлекеттік органдарға қайтару қажет.

1.2.12. Біз коллекторлық бизнесті толығымен жоюды қолдаймыз. Жетілмеген заң жобасы халықтың азаматтық құқығының бұзылуына, қылмыстық схемалардың құрылуына және адамдардың өз-өзіне қол жұмсауына әкелді.

**Халық әкімдер
мен соттарды өзі
сайлауы тиіс!**

Қолдаймын!

АЙГЕРИМ СЕКЕНОВА
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

1.3 Жергілікті өзін-өзі басқару реформасы

1.3.1. Қазақстан Халық партиясы жергілікті жерлерде сыбайлас жемқорлық пен заңсыздыққа тосқауыл қою үшін билікті халыққа қайтару қажет деп санайды. Барлық деңгейдегі әкімдерді тікелей дауыс беру арқылы халық сайлауы және міндетін тиісінше атқара алмаған жағдайда кері қайтаруы тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару нақты өкілеттіктерге ие болуы және бюджеттік қаржыландырумен қамтамасыз етілуі керек.

1.3.2. Ауылдық округ әкімдерін іріктеу критерийлеріне қатысты жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңды өзгертуді талап етеміз! Ауылдық округтің ерекшелігін ескере отырып (негізінен егіншілік немесе мал шаруашылығы), үміткерлерге қойылатын талапқа агрономиялық немесе ветеринариялық жоғары білімі мен мамандығы бойынша еңбек өтілінің болуы міндетті екенін енгізу қажет. Әрбір елдімекен халқының санына қарай фельдшерлік пунктпен, емханамен және ауруханамен, ветеринарлық станциямен, өрт сөндіру бөлімімен қамтамасыз етілуі тиіс.

1.3.3. Біз барлық шенеуніктер мен олардың отбасы мүшелерінің кірістерін 2027 жылдан емес, 2023 жылдан бастап декларациялауды қолдаймыз. Мемлекеттік аппарат таза болмайынша құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 20-бабында лауазымды тұлғаның заңды кірісінен едәуір асатын активті қылмыстық құқық бұзушылық деп қарастыруға болатыны жазылған. Пара беру/ұсыну, заңсыз байыту, заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтары (коммерциялық пара беру және алу) үшін қылмыстық жаза енгізу қажет. Жаңашылдыққа қарсылық танытатын Ескі Қазақстанға сөзбен емес, іспен тойтарыс беру қажет. Мемлекет басшысының реформалары заң арқылы бекітілмесе, жүзеге асырылмайды.

1.4 Саяси еркіндік

1.4.1. Қазақстан Халық партиясы Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» саясатын іске асыру мақсатында митингілер туралы заңды қайта қарауды талап етеді.

1.4.2. Қазақстан Республикасының барлық елді мекендеріндегі митингілерде қойылған талап негізінде қоғаммен диалог жүргізу мақсатында «Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары туралы» ҚР Конституциялық заңын қабылдауды талап етеміз.

1.4.3. Саяси қарсыластарды қылмыстық қудалау тоталитарлық жүйенің сарқыншағы саналады. Бұған жаңа Қазақстанда

**Азаматтық
қоғамды
дамыту үшін!**

Қолдаймын!

ЕВГЕНИЙ ДЕМАКОВ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

жол беруге болмайды. Қазақстан Халық партиясы саясаттанушылар мен қоғам қайраткерлеріне қатысты заңдарды қылмыссыздандыруды талап етеді.

1.4.4. Біз барлық жасанды кедергілерді жоюды және барлық саяси партияларды тіркеуді қолдаймыз. Пікір плюрализмі мен әділ саяси бәсекелестік қана демократиялық қоғам құруға кепіл бола алады.

1.4.5. Біз кәсіподақтар туралы жаңа заң әзірлеп, Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) негізгі конвенцияларына қол қоюды қолдаймыз. Тәуелсіз кәсіподақтар – еңбек қатынастарындағы әлеуметтік әділеттіліктің негізі. Барлық заңнамалық актілерге тексеру жүргізіп, оларды ҚР қолданыстағы Конституциясына сәйкес келтіру қажет. Қызметкерлердің нақты табысын арттыру мақсатында еңбек заңнамасына өзгеріс енгізу керек. Жалақыны индексстеу бойынша норманы инфляциядан төмен емес, күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша қосу қажет.

1.4.6. Қазақстан Халық партиясы жынысына, нәсіліне, этносына және дініне қарамай, Қазақстанның барлық азаматтарының құқықтары мен мүмкіндіктері тең болуы тиіс деп санайды. Түрлі әлеуметтік мәртебеге байланысты азаматтың мүмкіндігін шектеуге жол берілмейді.

1.4.7. Әйелдер кез-келген мемлекеттік лауазымды атқаруы керек. Қазақстан Халық партиясы барлық билік органдарында әйелдердің көбірек болғанын жақтайды.

**Қандастарды
елге қайтаруға
жағдай
жасалсын!**

Қолдаймын!

АЙДАНА РАСІЛ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

1.4.8. Қазақстан Халық партиясы қандастарды қабылдаудың жыл сайынғы квотасын ұлғайтуды қолдайды. Тарихи Отанына оралған қандастардың мүмкіндігін шектеуге болмайды. Қандастардың дипломдарын нострификациялау мәселесін шешу қажет. Ел азаматының төлқұжаты тең құқық пен мүмкіндік береді. Олардың білімі, тәжірибесі, сақталған ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары мемлекетіміздің мәдениетін байытады.

1.4.9. Қазақстан Халық партиясы сөз бостандығы туралы жаңа заң қабылдауды талап етеді. Сөз бостандығынсыз әділ қоғам құру мүмкін емес.

1.5 Қауіпсіздік және қорғаныс

1.5.1. Қазақстан Халық партиясы геосаяси тәуекелдерді және Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен егемендігіне төнетін қатерді сезінеді. Біз – елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға, қарудың жаңа түрлерін өндіруге және сатып алуға республикалық бюджеттен ЖІӨ-нің 3%-ын бөлуді қолдаймыз.

Қорғаныс өнеркәсібін дамыту Үкіметтің басым бағыты болуға тиіс.

1.5.2. Біз күшті армия құруды және жауынгерлердің санын 100 мыңға дейін ұлғайтуды, сондай-ақ қуатты аумақтық қорғаныс қалыптастыруды қолдаймыз.

Қорғанысқа жұмсалатын шығындар



Елдер бойынша: ЖІӨ-ге шаққанда %



Біз елдің қорғанысына

ЖІӨ шаққанда кемінде 3%

белуді қолдаймыз!



1.5.3. Біз сыртқы саясаттағы тату көршілік қарым-қатынасты қолдаймыз. Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен достықты нығайту басым бағыт болып табылады. Сыртқы саясатты экономикалық прагматизм қағидаты бойынша жүргізу қажет деп санаймыз.

1.6 Қазақстан халқының жалпыұлттық бірлігі

1.6.1. Біздің елімізде халықаралық деңгейде мойындалған Қазақстан халқы Ассамблеясы атты бірегей институт бар. Оның қызметін талдау көрсеткендей, жаңа Қазақстандағы Ассамблея кешенді реформалауды қажет етеді. ҚХА-ның негізін қоғамдық этномәдени орталықтар құрайды. Олар өздерінің этникалық ортасында мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізеді. Олар бұл үшін жалақы алмайды, іс-шараларды өз қаражаты есебінен ұйымдастырады. Алайда бір-бірінің қызметін қайталайтын мемлекеттік құрылымдар бар, оларды ұстауға бюджеттен қыруар қаржы жұмсалады.

1.6.2. ҚХА назарында тұрған этносаралық келісім мәселесін ғана емес, халқымыздың жалпыұлттық бірлігіне қатысты ауқымды шараларды шешу қажет. Этностар арасында бөлек сайлау болмауы керек – бұл басқа этностардың өкілдері заң шығарушы органға сайлана

**Халқым!
Халық партиясын
қолдаңыздар!**

Қолдаймын!

ТӨЛЕУҒАЛИ САТЫБАЛДИЕВ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

алмайтынын мойындау болып табылады. Бұл жерде кандидатураларды алдын ала талқылау және праймериз өткізу арқылы іріктеу тетігін әзірлеудің нақты және ашық регламенті жоқ. ҚР азаматтарының этносына, жасына, жынысына, дініне, кәсібіне, қай тапқа жататынына және басқарушы элита өкілдерімен қандай да бір байланысы бар екеніне қарамастан құқығы мен мүмкіндігі тең болуы тиіс.

2 БАЙ АЗАМАТТАР – БАЙ МЕМЛЕКЕТ!



2.1 Мықтыларға – жұмыс! Мұқтаждарға – қамқорлық!

2.1.1. Қазақстан Халық партиясының басты міндеті – қуатты орта тап құру және жұмыссыздықты, кедейшілік пен қайыршылықты жою. Сонда ғана қоғам бақытты, ал мемлекет күшті, экономикалық тұрақты және тәуелсіз болады. Бұл үшін салық қалыптастыру тәсілін өзгерту қажет. Құқықтық жағдай азаматтардың заңды, жайлы өмір сүруін қамтамасыз етуі тиіс. Қазақстанда 1 732 696 шағын және орта кәсіпорын тіркелген. Олар 3 652 889 адамды жұмыспен қамтып отыр. ШОБ субъектілерінің жалпы санында жеке кәсіпкерлердің үлесі – 67,3%, шағын бизнестің заңды тұлғалары – 19%, шаруа қожалықтары – 13,5%, орта бизнестің заңды тұлғалары – 0,2% құрайды.

Біздің мақсатымыз – орта бизнестің үлесін 45-50% дейін жеткізу.

2.1.2. Қазақстан Халық партиясы халықтық акционерлендіруді қолдайды және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның акцияларын еліміздің әрбір азаматына беру қажет деп санайды.

2.1.3. Ұлттық банктің Мәжіліске есепті болуын қамтамасыз етумен қатар, Үкіметпен бірлесіп, ұлттық валютаның инфляциясы мен бағамына ғана емес, экономикалық өсімге де жауапты болуға міндеттеу қажет. Базалық мөлшерлемені кезең-кезеңімен 5%-ға дейін төмендетіп, теңге бағамын тұрақтандырумен қатар бизнеске 7-8% пайыздан аспайтын мөлшерлеменен несие беретін Агробанк және «Өнеркәсіпқұрылысбанкі» сынды салалық мемлекеттік банк құру қажет.

2.1.4. Қазақстан Халық партиясы ел аумағында өз азаматтарымыз өндірген тауарлардан, көрсеткен қызметтерден қосымша құн салығын (ҚҚС) алып тастауды және айналымға 5% мөлшерінде бірыңғай салық енгізуді қолдайды.

2.1.5. Біз – әрбір отбасының құрамын ескере отырып, азық-түлікке, денсаулық сақтауға, коммуналдық қызметке, білімге, автожолдарға және т. б. нақты шығындар мөлшерінде салық салынбайтын және алым алынбайтын ең

төменгі күнкөріс деңгейін енгізуді қолдаймыз. Есепті Ұлттық статистика бюросының ҚР-дағы орташа тұтыну жөніндегі деректеріне сүйеніп жасау қажет. Бұл жоғары салық төлеуге мүмкіндігі жоқ барлық кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды көлеңкеден шығаруға мүмкіндік береді. Ең төменгі жалақы үш адамнан тұратын отбасын асырауды қамтамасыз етуі керек. Бұл үшін ең төменгі жалақы мөлшерін 140 мың теңгеге дейін жеткізу қажет.

2.1.6. Қазақстан Халық партиясы азаматтардың қарыз жүктемесін жеңілдетуді талап етеді. Біз банктердің пайыздары әділ болғанын қолдаймыз. Артық төлемге жол берілмеуі керек. Қайта есептеу жүргізіп, артық төленген пайыздарды бизнес пен азаматтарға қайтару қажет. Бүгінгі таңда Ұлттық банктің мөлшерлемесін растайтын нақты есеп жоқ және ол ҚР экономикасының қажеттілігін көрсетпейді.

2.1.7. Қазақстан Халық партиясы барлық бенефициарларды жариялай отырып, зейнетақы жүйесіне ашық аудит жүргізуді талап етеді. Аудит қорытындысы бойынша зейнетақы жүйесі бенефициарларының табысын азаматтарға қайтару қажет.

2.1.8. Зейнеткерлердің басым бөлігі кедейшілікте өмір сүреді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыздар және зейнетақы жарнасын аудармағандар зейнетке шыққаннан кейін ең төменгі зейнетақы алады. Соңғы 5 жылда ай сайын зейнетақы аударымын жасай алмаған

азаматтарға зейнетақы тағайындау мәселесін шешу қажет. Ынтымақты-жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған 3 млн адамды қайыршылыққа жетелейтін қарттықтан құтқаруға көмектеседі.

2.1.9. Біз – билік ету құқығы азаматтардың өздеріне ғана тиесілі жеке жинақтаушы шоттары бар ынтымақты-жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшуді қолдаймыз. Бұл халықтың жаппай қаржылық сауаттылығы үшін қажет.

2.1.10. Біз шенеуніктердің бюрократиялық аппаратын қысқартуды және бюджетті оңтайландыруды қолдаймыз.

2.1.11. Жаңа Қазақстанға – жалдамалы қызметкердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын толық қорғайтын жаңа Еңбек кодексі қажет. Еліміздің барлық тұрғындарына лайықты жалақыны қайтару үшін ХЕҰ-ның №131 халықаралық конвенциясын ратификациялауды талап етеміз! Еңбек кодексінен сайланбалы өкілдер туралы 20-баптың еркін түсіндірмесін алып тастау керек. Жұмысшылардың мүддесін компания басшылығы тағайындаған адал өкілдер емес, тек кәсіподақ қорғауы керек.

2.1.12. Біз еңбек нарығында әділ ереже белгілеу үшін Кәсіпкерлік кодексін қайта қарауды қолдаймыз.

Еңбек инспекциясына жүгінген кезде еңбек инспекторы бірінші орынға Кәсіпкерлік кодексін емес, Еңбек кодексін

қоюы тиіс. Прокуратураға жалдамалы жұмысшылардың шағымдары бойынша кәсіпорындарды тексергені үшін Еңбек инспекторларына айыппұл арқалатуына тыйым салу қажет.

2.1.13. Біз – салық салу, несиелеу, әлеуметтік стандарттардағы есептік көрсеткіштер туралы норманы енгізуді қолдаймыз.

2.1.14. Біз – жерге ортақ меншіктің дәстүрлі құқығын қайтару реформасын қолдаймыз.

2.1.15. Біз кәсіпкерлік бастамаларды қолдауды құптаймыз. Бизнес саналы түрде «көлеңкеден» және жалақы төлеудің жасырын схемаларынан шығуы керек. Біз ұсынған салық реформалары азаматтардың мінез-құлқының өзгеруіне әсер етеді. Салық мөлшерін азайту барлық азаматтар мен кәсіпкерлердің салықты әділ төлеуі есебінен бюджетке түсетін түсімді ұлғайтады.

2.1.16. Нарықтың жекелеген қатысушыларына әділетсіз артықшылық жасайтын заңнамалық және реттеуші актілердің күшін жою қажет. ШОБ үшін реттеуші кедергілерді қысқарту керек. Қоғамның ұжымдық пайдасы республикалық және өңірлік бюджеттерді қалыптастыру кезінде басымдыққа ие болуы тиіс. Жаңадан басталған және жұмыс істеп тұрған бизнес үшін сапалы өнеркәсіптік, инновациялық және креативті инфрақұрылым ұсынатындарды

ынталандыру қажет. Бизнесінің есептілігін автоматтандыру және цифрландыру сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайтады. Рұқсат беру құжаттарының санын қысқарту қажет.

2.1.17. Шағын және орта бизнеске «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Аграрлық кредиттік корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, Өнеркәсіпті дамыту қоры және өңірлік Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың басқа да қаржы құрылымдары арқылы ұсынылатын нысаналы мемлекеттік қаржыландыру үдерісінен делдалдарды шеттетіп, тікелей екінші деңгейлі банктерге беру қажет.

2.1.18. Екінші деңгейлі банктердің ШОБ-ты қаржыландыру тәртібін банк несие алушының әр жобасы мақұлданған кейін ғана мемлекеттен жеңілдетілген мөлшерлеменен бөлінетін нысаналы қаражатты алатындай етіп ұйымдастыру керек. Осылай жасалғанда ШОБ субъектісі банктен қарыз сұрауға мәжбүр болмайды, керісінше банктер кәсіпкерлерге несие беруге мүдделі болады. Шындығында екінші деңгейлі банктер мемлекеттен және қорлардан нысаналы мақсаты бар арзан ақша алады, оны барынша кешіктіреді, пайдаланады және жоғары пайызбен несие береді.

2.1.19. Біз Үкіметтен халықтың нақты табысына сәйкес бөлшек баға саясатын дәйекті түрде жүргізуді талап етеміз.

2.2 Таза ауа және су

2.2.1. Су ресурстары министрлігін құру қажет. Елді мекендерді мелиорациялау және сумен жабдықтау ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды мәселесіне айналуда.

2.2.2. Қалалардағы ауа сапасы бойынша. Мемлекеттік органдардың ауа сапасын жақсартуына, ірі ластаушыларды назарға алуына сонымен қатар қоғамдық көліктің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған іс-қимылдарды жүзеге асыруына қол жеткізу қажет.

2.2.3. Қалдықтар бойынша. Қалалық және ауылдық жерлерде кейін қайта өңдеу үшін сұрыптай отырып, қалдықтарды орталықтандырылған жинау, мен әкету мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

2.2.4. Кәріз бойынша. Әкімдіктердің елді мекендердегі сарқынды сулардың кәрізі бойынша нысаналы көрсеткіштерді белгілеуін және халықтың кәрізге қол жеткізуі жөніндегі қызметтерді қаржыландыруын қамтамасыз ету қажет.

2.2.5. Өнеркәсіптік шығарындылар бойынша. 1) Ірі кәсіпорындардың ластаушы шығарындылары бойынша ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

2) Ең жақсы техникаға көшу және кешенді экологиялық рұқсат алу шарттарында ірі ластағыштарды ластаушы шығарындылары үшін төлемнен босатудың ашықтығы мен негізділігіне қол жеткізу қажет. Ең жақсы технология қолдануға көшетінін алға тартатын ірі ластағыштарды төлемнен босату мен оларға кешенді экологиялық рұқсат беру себебінің ашықтығы мен негізділігіне қол жеткізу қажет.

2.2.6. Климат бойынша. Халыққа, әсіресе әлеуметтік осал топтарға салмақ салмай, тен көміртекті технологияларды дамытуға әділ көшуге қол жеткізу қажет.

2.2.7. Таза ауыз су – әрбір елді мекенге.

2.2.8. Су және орман шаруашылығын мемлекеттік жоспарлау, сондай-ақ климаттың өзгеруге бейімделуін ескере отырып, төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі қызметті ілгерілету қажет. Бұл ретте құрғақшылыққа, орман өрттеріне, су тасқынына және басқа да табиғи апаттарға байланысты тәуекелдерді бәрінен азайтқан абзал.

2.2.9. Жергілікті жоспарлау. Экологиялық заңнаманың жаңартылған талаптары негізінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нысаналы көрсеткіштерді қайта қарау. Осы саладағы мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын және азаматтық қоғамның қатысуын қамтамасыз ету.

**Таза ауа мен
таза су
үшін!**



Қолдаймын!

ТИМУР САБИРЖАНОВ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

2.2.10. Орталық деңгейде жоспарлау. Жаңартылған экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына стратегиялық экологиялық бағалауды енгізуге қол жеткізу. Осы негізде экологиялық тәуекелдерді бағалауды қамтамасыз ету.

2.2.11. Отандық бизнес субъектілері мен шетелдік инвесторлардың экологиялық стандарттарды тең және әділ қолдануын, оның ішінде шетелдік инвесторлардың қызметі бойынша экологиялық ақпараттың ашықтығын ілгерілету.

2.2.12. Адам құқықтары. Мемлекеттік органдар мен лаостаушылардан азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға, ауыз суға және санитарияға қатысты құқықтарын сақтауды талап ету, осы мәселемен айналысатын қоғамдық ұйымдардың қызметін қолдау және экологияны қорғаудың тиімді тетігінің болуын қамтамасыз ету қажет.

2.2.13. Экологиялық білім. Мемлекет пен бизнес тұрғындардың қалдықтарды сұрыптау, энергия тиімділігі, жаңартылатын энергия көздері, тіршілік әрекетін климаттың өзгеруіне бейімдеу сияқты жаңа экологиялық білімін арттырып, дағдыларын жақсартуды қолдауы керек.

2.2.14. Табиғи аумақтарда экотуризмді ілгерілету үшін жергілікті халықты жұмылдыра отырып, қонақ үйлердің,

экскурсоводтардың, экотранспорттың қызметін ұсыну, жергілікті кәсіпшілікті дамыту және кәдесый өндіру қажет.

2.2.15. Экологиялық таза, жайлы және жылдам қоғамдық көлікті дамыту арқылы қала маңы мен ауыл тұрғындарының қалаларға көшуінің ұтқырлығын арттыру қажет.

2.3 Жер – халыққа! АӨК және ауылдық аймақтарды қуатты дамыту

Біз әр азаматқа қалада 10 сотық, ауылда 25 сотық жер телімін беруді ұсынамыз. Ауылдық жерлерде жер телімі онда жұмыс істейтін адамға ғана тиесілі болуы керек. Латифундистер жерді тек жалға алуы тиіс. Жерді пайдалануды қатаң бақылап, топырақтың зиянды химиялық заттармен улануына жол бермеу маңызды.

Қазақстан Халық партиясы Үкіметтің күш-жігерін аталған саланың алты негізгі мәселесін шешуге жұмылдыруды ұсынады:

2.3.1. Адамдар

Негізгі мәселе: АӨК дамыту үшін білікті кадрлар қажет. Ал кадрларды ауылдық жерлерге тарту үшін өзіне және отба-

**Жер тек жерде
еңбек еткенге
берілсін!**



Қолдаймын!

РАХМАТУЛЛА МОМЫНҚҰЛОВ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

сына өмір сүруге қолайлы жағдай туғызу керек.

Шешім: түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін бірыңғай штабтың басшылығымен ауылдық аймақтарды дамытуға барынша көңіл бөлу және ресурстарды шоғырландыру керек. Кешенді тәсіл қазірдің өзінде құрылыс индустриясында кемінде 300 мың жаңа жұмыс орнын ашады. Сондай-ақ қоғамның сұранысын қанағаттандырып, бірқатар аралас салаларды дамытуға мүмкіндік туғызады.

Бірінші кезектегі әрекеттер:

1) ҰЭМ ауылдық аймақтарды дамыту мәселелерін АШМ-не беру керек және «АӨК және ауылдық аймақтарды дамыту министрлігі» деп қайта құрылуы тиіс. Екіншіден, 100 күн ішінде өңірлік агроиндустриялық кластерлерді жетілдіру үшін *(бұрынғы мемлекеттік бағдарламалар: өңірлерді дамыту, «Нұрлы жер» және «Нұрлы жол» т.б)* Ұлттық жобалар шеңберінде АӨК-ті және ауылдық аймақтарды дамытудың бірыңғай картасын әзірлеу керек.

2) «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын *(Ұлттық жобалар шеңберінде)* пайдалану және өзара байланыстыру арқылы мыңға жуық елді мекендерді *(барлық аудан орталықтары мен тірек ауылдары)* ауқымды құрылыс алаңдарына *(жастарды қолдау мақсатында салынатын нысандар да бар)* айналдыру. Жеке инвестицияларды тарту үшін жағдай жасау, оның ішінде ауыл тұрғындары үшін

«7-20-25» тұрғын үй бағдарламасының аналогын қалыптастырып, жүзеге асыру. (Ауылдық аймақтарды таңдаудың негізгі шарты – құрылыс аяқталғаннан және жаңғыртылғаннан кейін жұмыс орындарын құру. Ең алдымен, ірі қалаларға жақын ауылдар, аудан орталықтары, тірек және шекара маңындағы ауылдар, темір жол тораптары станцияларының, курорттық дестинациялардың, агроөнеркәсіптік, туристік және басқа да әлеуеті бар жерлердің жанындағы ірі және орта ауылдық аймақтар).

2.3.2. Құзыреттер (технологиялар, инновациялар, цифрлық шешімдер)

Негізгі мәселе: Анығында, ғылыми ұйымдар – өндірістен алшақтап, өз қазанында қайнап жатыр. Тіпті, ғалымдардың жалақысы да мардымсыз. Салдарынан ғылымсыз өндіріс тұралап тұр. Ақырында, жастар ғылымға бармайды, кадрлық тапшылық орын алып, аграрлық ғылымда өнімділік өспейді.

Шешім:

1) 2029 жылға дейін аграрлық ғылымды қаржыландырудың нақты деңгейі ағымдағы 0,12%-дан АӨК ЖІӨ-нің 1%-на дейін (дамыған елдерде 1-3%) жеткізу.

2) технологиялар мен ғылыми зерттеулер трансферті тақырыбын шенеуніктер емес, тауар өндірушілер айқындауға

тиіс.

3) озық елдердің тәжірибесін негізге алып, жұмыс істеп тұрған инновациялық өндірістік кәсіпорындар, аграрлық ғылыми ұйымдар және үш жетекші аграрлық университеттерді біріктіру арқылы ғылыми-өндірістік кластер қалыптастыру керек және аграрлы ғылымды басқарудың иерархиялық қағидатына көшу маңызды. Бұл өз кезегінде белгіленген аймақтардағы түйткілді мәселелердің нақты шешімі болады.

Бірінші кезектегі әрекет:

1) АӨК ЖІӨ-ге байланыстыра отырып, қаржыландыру көлемі заңнамалық тұрғыда бекітілсін.

2) Нақты механизм енгізу. Яғни, тауар өндірушілерді жан-жақты зерттеу арқылы ғана нәтижесі бар өндірістерге бюджеттік трансферттер бөлу керек. Аталған қадам олардың үлесі 1%-дан аз болса да, өндірістің қажеттіліктерін айғақтайды.

3) Ағымдағы жылы өңірлік ғылыми-өндірістік консорциумдар құру керек. Олардың әрқайсысы өңірдің қажеттіліктеріне нақты бағдарлана отырып, елдің жетекші үш аграрлық университеттермен бірлесіп өзінің ғылыми білім беру технологиялық платформасын қалыптастыра бастайды.

2.3.3. Жер

Негізгі мәселелер:

- 1) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы 100 млн га пайдаланылмай жатқан жерлер;
- 2) Covid-19 салдары және геосаяси дағдарыс: жұмыссыздар санының күрт өсуіне, адамдардың бүгінгі мен ертеңіне деген жоба-жоспарларын қайта саралауына, балаларының болашағына алаңдауға, өмірлік құндылықтарына өзгеріс енгізді.

Шешім: Қазақстанның әрбір азаматына ғасырлар бойғы бабаларымыздың арман-мұратын жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Ол дегеніміз, өз балалары мен немерелеріне мұраға қалдыруға болатын жер телімін өмір бойы пайдалануға алу. Бірақ мұндай құқық қазақ жерінде «таң атып, күн батқанға дейін» адал еңбек еткен азаматтарға ғана берілуі тиіс.

Бірінші кезектегі әрекеттер: Қазақстан азаматтарына (заңды тұлғаларға берілмеуі тиіс) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 5-тен 500 гектарға дейінгі аумақта (өңірге, жердің түрі мен сапасына байланысты нормативтер белгіленсін) 7 жылға (тұрғын үй салу мүмкіндігімен) пайдалану құқығын тегін беру.

Азамат келесі шарттарды орындаған кезде өмір бойы жерді пайдалануға (мемлекеттен жалдау арқылы) және оны мұраға беруге құқылы:

а) алдымен жерді пайдаланушы фермерлік шаруашылықты жеке кәсіпкер ретінде тіркейді. Кейіннен 7 жыл ішінде отбасымен бірге жер учаскесінде өндірістік қызметті жүзеге асырады. Жұмыскерлерді маусымдық және қысқа мерзімді жалдау мүмкіндігіне жол беріледі;

б) жердің иесі өндірістік қызметін растау үшін салық органдарына ақша, өндірілген өнім, көрсетілетін қызметтердің есебі бар жыл сайынғы декларацияны ұсынады. Жер учаскесінен түсетін жыл сайынғы табыс өзге де кіріс көздерін ескере отырып, азаматтың жиынтық табысының кемінде 70%-ын құрауы тиіс (аталған бағыттарда анықталған заң бұзушылықтар, оның ішінде жерді мақсатсыз пайдалану – шартты тоқтату және жер учаскесін мемлекетке қайтаруға негіз бола алады).

Өмір бойы жерді пайдалану құқығын сату мүмкіндігі бар. Дегенмен, мәслихаттар белгілеген түзету коэффициентін ескере отырып, кадастрлық баға бойынша мемлекетке ғана сатылады немесе кері қайтарылады. Кепілдікке қоюға да болады. Бірақ жерді жалдау иесі пайдалану құқығын тек мемлекетке сата алады. Немесе оны басқа жер пайдаланушыға тек ауылшаруашылық өндірісі мақсатында жалға беруге құқылы. Мемлекет қайтарылған

және сатып алынған учаскелерді басқа азаматтарға бере алады.

2.3.4. Су (Суармалы егіншілік)

Негізгі мәселе: бүгінде егістіктің небәрі 7%-ын алып жатқан суармалы жерлер еліміз бойынша мемлекет тарапынан қабылданған я, қабылданбаған шешімдерге қарамастан, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің 42%-ын беріп отыр. Әйткенмен, Үкімет суармалы егіншіліктің ел экономикасы үшін маңызы мен әлеуетін жіті бағаламай келеді.

Шешім: 2030 жылға дейін суару алаңын кемінде 3,2 млн гектарға дейін көбейту керек. Ол үшін суармалы жерлерді қалпына келтіріп, оларды пайдалануға жеке инвестицияларды тарту үшін заңнамалық база қалыптастырып, оларға қолайлы жағдайлар жасау (тарифтер, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, инвестицияларды қорғау, т. б.)

Бірінші кезектегі әрекеттер: басшылар мен Үкіметтен салалық министрліктерге, барлық деңгейдегі әкімдіктерге, қаржы институттарына, ғылыми ұйымдарға, шағын және орта кәсіпке, фермерлерге аграрлық саясаттағы басымдықтарды, жоспарлар мен ресурстарды қайта қарау және талапты басқару жүйесі қажет. Себебі, суармалы егіншілік – «жаңа мұнай көзі» іспетті. Бұл ауыл шаруашылығымен айналысатын немесе ауылдық жерлерде тұратын адамдардың әл-ауқатын арттырудың таптырмас локомотиві.

2.3.5. Қаржы

Негізгі мәселелер:

1) Жыл сайын дәстүрлі берілетін субсидиялар мен несиелердің негізіндегі мемлекеттік қолдаудың жүйесіздігі мен субъективтілігі:

- АӨК ЖІӨ көлемінің өсуіне қарамастан, ел деңгейінде;

- елдегі АӨК ЖІӨ-не қосқан үлесіне қарамастан, өңірлер деңгейінде;

- АӨК-ді қолдауға арналған қаражатты пайдалануға жергілікті атқарушы орган кепілсіз өңір деңгейінде.

2) Мемлекет тарапынан АӨК-ке құятын қаражаттың едәуір бөлігі (жыл сайынғы мемлекеттік қолдаудың жиынтық көлемі шамамен 450 млрд. теңге) техникалық қайта жарақтандыруға, жаңа технологияларға және еңбек өнімділігін арттыруға емес, керісінше, «көзін тауып» (жылжымайтын мүлік, автомобильдер, тойлар, сыбайлас жемқорлық әрекеттері және т. б.) «жою» әдетке айналған.

Шешім: АӨК-дерге мемлекеттік қаржылық қолдаудың қағидаттары мен тетіктерін түбегейлі қайта қарау:

1) өткен үш жылдағы АӨК ЖІӨ-нің тіркелген үлесіндегі

субсидиялар мен несиелердің жыл сайынғы көлемін есептеу үшін нақты өлшемшарттарды заңнамалық тұрғыдан айқындау (мысалы – 20%);

2) өңірлер арасында субсидиялар мен несиелердің көлемін елдің АӨК ЖІӨ-дегі салымына пара-пар бөлу;

3) өңірдің АӨК ЖІӨ-дегі тиісті саланың үлесіне пропорционал субсидиялар мен несиелер көлемінің 80%-ын бөлуге, ал қалған 20%-ын соңғы үш жылдағы даму динамикасы жоғары салаларға аударуға («BCG матрицасының» аналогы);

4) санаттар ішінде кәсіпорындар мен фермерлерге субсидияларды олардың сол өңірге қосқан үлесін ескере отырып бөлу;

5) субсидиялар мен несиелерді АӨК «Электрондық ақша» форматына ауыстыруға міндетті. Қаражат ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің белгілі бір түрлеріне ғана жұмсалуды тиіс. Бұл қадам аталған саланы дамытып, технологиялар мен инновацияларды тартатын болады. Сәйкесінше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері төмендейді;

6) қаражатты бір түрден екіншісіне аудару операторы – сыртқы көздерден қосымша ақшалай қаржы тарта алады және оларды капиталға айналдыруды біртіндеп ұлғайта отырып, белгілі салаға бағыттауға қауқарлы. Яғни, іс

жүзінде Агробанк қызметін атқарады.

Бірінші кезектегі әрекеттер:

- 1) заңнаманы (АШМ субсидиялау қағидаларын) түзету және АҚК несиелік саясатын қайта қарау.
- 2) «электрондық агровалюта» үшін заңнамалық негіз құрып, операторды айқындау (мүмкін АҚК).

2.3.6. Кооперация

Негізгі мәселе: жекелеген компаниялар мен ірі кооперативтер өзара бірлесіп жұмыс істей алмауы – көп іске кедергі болып тұр. Нәтижесінде, ірі компаниялар нарықта басқаларға үміт артпай, шикізат өндіруден оны өңдеуге және сатуға дейінгі өзінің өндірістік-технологиялық циклін құруға мәжбүр. Тиісінше, олар монополия мен сыбайлас жемқорлықты дамытып, бәсекелестікті жойып, мүмкіндігінше көп ресурстарды (жер, су, субсидиялар, несиелер, жеңілдіктер, әкімшілік қолдау және т.б.) ыңғайына пайдалануға тырысады. Мұндай монополия бизнес иелерінің ынтасын бәсеңдетіп, ресурстарға қол жеткізе алмағандардың наразылығын тудырады.

Шешім: жылдар бойы зерттеліп, негізі қалыптасқан кооперация жүйесі әлем бойынша ауыл шаруашылығын дамытудағы табыстың басты құпиясы.

Қуатты АӨК-і бар көптеген елдердегі заманауи кооперация салалық кластерлерге (АҚШ, Нидерланды, Дания, Франция, Германия, Италия, Қытай және т. б.) негізделеді. Олар ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізушілермен, қайта өңдеу кәсіпорындарымен, университеттермен, зерттеу орталықтарымен, көлік-логистика, инжиниринг және консалтингтік компаниялармен, қаржы институттары, инвесторлармен шаруашылық техникасын бірлесіп пайдалану бойынша ынтымақтастық орнатады.

Әрбір өңірдің климаттық әлеуетін ескере отырып, ұлттық және өңірлік салалық кластерлер желісін сәйкестендіру керек. Ол үшін нарық қатысушыларын көлденең кооперациялау және тік интеграциялау арқылы тәжірибе жүзінде ынталандыру маңызды.

Сондай-ақ, аталған процеске қосалқы шаруашылықтар да қатысуы керек. Бұл уақыт өте келе олардан толыққанды фермерлерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бірінші кезектегі әрекет: жекелеген ұлттық жобалар форматында экожүйелерді дамытудың салалық бағдарламаларын өзектендіру және оларды ресурстармен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, әр өңірдің әлеуетін ескере отырып 2023-2025 жылдарға арналған ұлттық деңгейдегі 10-12 басымдығын қалыптастыру. Бұл ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда отандық кластердің өзегі болып табылады.

- мал шаруашылығында:

- 1) ұлттық сүт кластері (ірі-қара мал + сүтті жылқы және түйе шаруашылығы);
- 2) ұлттық ет кластері (ірі-қара мал + жылқы шаруашылығы);
- 3) ұлттық қой шаруашылығы кластері (ет + жүн);
- 4) ұлттық құс шаруашылығы кластері (ет + жұмыртқа);
- 5) ұлттық шошқа өсіру кластері;
- 6) ұлттық балық кластері;
- 7) ұлттық ара шаруашылығы кластері;

- өсімдік шаруашылығында:

- 8) ұлттық суармалы егіншілік кластері (ашық және жабық топырақ);
- 9) ұлттық интенсивті бау-бақша кластері;
- 10) ұлттық май кластері (+ара шаруашылығы);
- 11) ұлттық астық кластері;

12) ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың ұлттық кластері.

Әрбір салалық кластер елдің неғұрлым оңтайлы жағдайлары мен әлеуеті бар өңірлерінде мемлекеттің қолдауымен еңбек өнімділігі, өндіріс және өткізу көлемі, оның ішінде экспорттау және нысаналы индикаторларға қол жеткізуге бағытталған қажетті өндірістік-технологиялық инфрақұрылым мен экожүйені қалыптастыруға тиіс.

2.4 Тау-кен металлургия кешені

Қазақстан Халық партиясы жалдамалы жұмысшылардың, қызметкерлердің әлеуметтік құқығын қорғау жолында еңбек етіп келеді. Біз қуатты орта таптың қалыптасуын қолдай отырып, табиғи шикізатты – мұнай-газ, мұнай-химия, тау-кен металлургиясын өндіру және өңдеу саласы еңбеккерлерін де назардан тыс қалдырмаймыз. Біз осы күнге дейін Мәжіліс мінберінен металлургтер мен кеншілердің өзекті мәселелерін көтердік. Нәтижесінде 120 мыңға жуық мүшесі бар «Қазпрофметалл» көмір өндірушілері мен металлургтерінің салалық кәсіподақтарымен Меморандумға қол қойылды.

Бүгінде ел экономикасындағы Қазақстанның тау-кен металлургия кешені ЖІӨ-нің шамамен 10%-ын, өнер-

**Зиянды өндірістерде:
зейнетақы ерте
рәсімделсін,
төлемақы көбейтілсін!**

Қолдаймын!

ВИТАЛИЙ АРСЕНКИН
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

кәсіптік өндірістің және барлық экспорттың шамамен 25%-ын құрайды. Салада 200 000-нан астам жұмысшы еңбек етеді. Қызметкерлердің 90%-ға жуығы кәсіподақтардан тұрады. Олардың әлеуметтік-еңбек құқықтары ұжымдық шарттарда және салалық келісімде көрсетілген.

Еңбек заңнамасы әлеуметтік әріптестік тараптардың өзара міндеттемелеріне елеулі түзетулер енгізуді талап етеді. Әлі күнге дейін лайықты еңбекақы төлеу, зиянды өндірістерде денсаулыққа залал келтіру, өндірістік жарақаттану, зейнетақымен қамту, әлеуметтік жеңілдіктер мен сала қызметкерлері үшін кепілдіктер мәселелері өзекті болып қала береді.

Қазақстан Халық партиясы келесі мәселелерді шешуді талап етеді:

Бірінші – ауыр, зиянды немесе қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерді 50-55 жастан зейнетке шығару маңызды болып табылады.

Бұл мәселенің шешімі бірнеше қиындықтардың алдын алады. Атап айтқанда, кәсіби және басқа аурулардың, сондай-ақ өндірістік жарақаттардың пайда болу қаупін азайтады. Себебі, ауыр еңбек жағдайында адам ағзасы әлсірейді және көбісі, зейнеткерлік 63 жасқа дейін өмір сүрмейді. Айта кету керек, қызметкерлердің осы сана-

ты үшін зейнет жасының төмендеуі еліміздің жұмыссыз жастарын еңбекпен қамтуға мүмкіндік береді.

Екіншісі – еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру мәселесі. Озық елдердің тәжірибесін пайдалана отырып, еңбекақы төлеу жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру қажеттілігі туындады.

Қызметкерлердің нақты табысын ұлғайту мақсатында қазіргі уақытта ең төменгі жалақы деңгейін арттыру қажет. Ол бүгінгі күні небәрі 70 000 теңгені құрайды. Еліміз үшін бұл өте төмен көрсеткіш деп есептейміз.

Қазақстан Халық партиясы басқа елдерде жалақы, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың мөлшерін есептеу үшін қолданылатын «Дамушы елдердегі ең төменгі жалақыны белгілеу туралы» халықаралық еңбек ұйымының №131 Конвенциясын ратификациялауды талап етеді. Осы конвенцияны ратификациялауды жеделдету – тау-кен металлургия кешенінің қызметкерлерін ғана емес, еліміздің барлық азаматтарының әл-ауқатының артуына жол ашады.

Үшіншісі – қазіргі уақытта экспортқа бағдарланған кәсіпорындар, оның ішінде Қазақстанның тау-кен металлургия кешені толығымен әлемдік бағалардың конъюнктурасына тәуелді. Сондықтан цифрлық техно-

логияларды өндіріске енгізу – сөзсіз кәсіпорын жұмысшыларының едәуір бөлігін еңбек нарығынан босатады.

Қазақстан Халық партиясы Парламент пен Үкіметтен жұмыс орындарын сақтауды заңнамалық қорғау тетіктерін және жаңа жұмыс берушілерді қолдау шараларын, сондай-ақ оларды жұмысқа орналастыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді қолдайды.

Төртінші – Қазақстан Халық партиясы ҚР Еңбек Кодексінің 20 бабына өзгерістер енгізуді талап етеді. Себебі жекелеген компаниялар жұмысшыларды дербес анықтай отырып, кәсіподақ ұйымын тарату мақсатында одан шығуды ұсынып, жұмысшылар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізетін фактілер жиі кездеседі.

Бұл тәжірибе әлеуметтік серіктестік принциптерін жоққа шығарып, «қалта» кәсіподақтарын құруға тырысуды білдіреді.

Бесінші – мүгедектердің әділ өтемақы төлемдерін алу құқығын заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. 2015 жылғы 27 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын қолданысқа енгізе отырып, өндірісте дене жарақатын және кәсібінен

ауру тапқан адамдарды мемлекет пен кейбір жұмыс берушілер ұмытты. Еңбек министрлігінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 461 Бұйрығымен құрылған жұмыс тобы оң нәтижеге әкелген жоқ. Зардап шегушілердің қатысуымен онлайн форматта өткен отырыста нақты шешімдер қабылданбады.

Жоғарыда аталған мәселелер әр деңгейде бірнеше рет талқыланды. Қазақстан Халық партиясы «Қазпрофметалл» салалық кәсіподағымен бірлесіп оларды шешуге ұмтылатын болады.

2.5 Энергетика – экономиканы жандандырудың өзегі

2.5.1. Энергетикамен тікелей немесе жанама байланысты көрсеткіштер бүгінгі таңда шашыраңқы. Тіпті, әртүрлі нормативтік-құқықтық актілер мен мемлекеттік жоспарлау құжаттары да жүйесіз. Секторды дамыту мақсатында алға қойылған ұзақ мерзімді стратегиялық құжат жоқ. Нәтижесінде, энергетика саласында қажетті құрал-жабдықтар да тапшы.

2.5.2. Жылу энергетикасында бүкіл ел бойынша нақты деректер жоқ. Тіпті, алдағы 5-7 жылға да жылу балансы қарастырылмаған. Жылу инфрақұрылымдарының (ЖЭО, жылыту желілері, қазандықтар т.б.) орталықтандырылған мемлекеттік аудиті де жүргізілмейді. Тиісінше, мемлекеттік органдардың

ешқайсысы бүгінгі күні жылу қуаттарының нақты жай-күйін түсінбейді.

2.5.3. Біз бұрын қабылданған барлық жүйелік құжаттарды біріктіретін және отандастардың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық энергетикалық стратегияны қабылдауды жақтаймыз. Стратегияда нақты индикаторлар, оларды іске асыру тетіктері мен шикізат балансы, қалаларды Дамыту жоспарлары айқын көрінуі тиіс. Сондай-ақ саланы дамыту жолдары жүйелі тізбеленгені дұрыс.

2.5.4. Әртүрлі министрліктер мен ведомстволар жүзеге асыратын энергетика саласын біркелкі және дәйекті мемлекеттік реттеудің жоқтығын атап өту қажет. Саланы реттеу көп бағытты және хаотикалық сипатқа ие. Мұнда бір министрліктің міндеттері екіншісінің міндеттеріне тікелей қайшы келеді. Біз энергетика саласындағы мемлекеттік саясатты жоспарлау мен іске асырудың салалық орталығын құруды қолдаймыз. Барлық қабылданған шешімдер тек мемлекеттік органдар арасында ғана емес, жұртшылықтың талап-тілегімен үндесуі тиіс. Сонда ғана елдің энергия қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Билік пен бұқара арасындағы теңгерім өз нәтижесін береді.

2.5.5. Орталық Азияның энергия жүйесіндегі ірі апаттар Қазақстанның өзгеге тәуелділігін айқын көрсетті. Жылу электр орталықтарындағы тозығы жеткен желілер істен шығып, тоқырауға тіреп отыр. Цифрлық тау-кен өндірісінің ұлғаюы генерация резервтерінің төмендеуіне әкеп соқты. Салдарынан

аталған сала қараусыз қалып, технологиялары тұралап барады. Инвестициялардың орнына тарифтердің өсуі уақытша ғана нәтиже берді. Меншік иелері артық табысқа жұмыс жасап, халықтың қалтасына қол салуға әуестеніп барады. Бұл қадам тарифтердің қымбаттауынан-ақ көрініп тұр.

Анығында, бұл салаға құйылған салымдардың экономикалық тиімділігі анықталмайды. Шекті рентабельділік деңгейі де жоқ. Мұның салдарынан шығындардың тиімділігін анықтау да мүмкін болмай тұр.

Оңтайлы тәсіл, электр станциялары мен жылу желілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде бағаны тексеру қажет. Бұл орайда материалдық ресурстардың, сметалар мен бағдарламалардың қозғалысына қол жеткізу және бақылау өкілеттіктерін бере отырып, тұрақты жұмыс істейтін тәуелсіз кәсіби сараптама ұйымын құру қажет. Аталған ұйымға жария тыңдауларға қатысушыларға тарифтерді көтеруге арналған есептер мен өтінімдерден мәліметтерге сараптамалық тексерулер тағайындау құқығы берілсін. Негізгі құралдарды жаңарту мен жаңғыртудың еңбек өнімділігін арттыруға және өндіріс құнын, тарифтерді төмендетуге әсері болмайды. Электр энергетикасы мен жылу энергетикасын жаңғыртудың кешенді бағдарламасын құру қажет.

2.5.6. Мемлекеттік тарифтік реттеу біртектілік пен дәйектіліктің болмауымен сипатталады. Тарифтік саясат саланың инве-

стициялық тартымдылығын арттыруға емес, тарифтерді тежеуге бағытталған.

Ең үлкен мәселенің бірі – энергетикалық кәсіпорындарға несие беру. Осы орайда аталған кәсіпорындар мемлекетімізден пайызы төмен әрі ұзақмерзімді несие ала алмайды. Салдарынан олар пайызы төмен шетелдік банктердің көмегіне жүгінуге мәжбүр. Нәтижесінде, кәсіпорындар тапқан-тергенін пайызымен қосып, шекара асқан банктерді «асырап» жатыр. Сондықтан секторды дамыту мақсатында екінші деңгейлі банктер жұмысын жүйелеп, «Өнеркәсіптік ипотека» Елдік бағдарламасын қабылдау қажет.

2.5.7. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестелерін теңестіруге және тәулік бойынша құрал-жабдықтар жүктемесін азайтуға бағытталған тарифтердің күшін жою – энергетиканы дамытудағы кері қадам болды. Тұтынушылардың тариф пен тарифтік аймақты таңдау құқығынан айыру – бұл салаға жетістік әкелмейді. Дифтарифтердің жойылуы – ең жоғары жүктеменің артуына, күндізгі және кешкі уақыттарда станциялар мен желілердің тозуына жол ашты. Түнде жұмыс істемейтін трансформаторларға күш түсіп, технологиялық шығындарды арттырды. Сондықтан электр энергиясын тұтынушыларға тариф пен тарифтік аймақты таңдау құқығын беру қажет деп есептейміз. Заңды және жеке тұлғалар үшін бірыңғай тарифтерді енгізу қажет.

2.5.8. Энергетика саласындағы мамандар жалақысының төмендігі – ондағы білікті кадрлар тапшылығына әкеп соғып отыр. Тіпті, энергетикада 5 жылдан астам тәжірибесі бар мамандар қызметін тастап жатыр. Сондықтан еңбекақыны арттыра отырып, энергетиктердің беделін қалпына келтіру қажет. Техникалық прогреске, баламалы көздердің дамуына, цифрландыруға байланысты қызметкерлердің біліктілігін үнемі арттыру және жаңа кәсіптер бойынша қайта даярлау мәселесі де күн тәртібіне көтерілуі тиіс. Осы орайда өндіріс пен ғылым-білім арасын байланыстыру да маңызды. Яғни, энергетикалық кәсіпорындар мен жоғары білім ордаларының ынтымақтастығын жолға қою керек.

Табиғи монополиялар субъектілерінің құрамына энергия өндіруші ұйымдар енгізілсін. Табиғи монополиялардың барлық субъектілері үшін энергетикаға басшылық жасау және тарифтерді бекіту жөніндегі бірыңғай уәкілетті орган айқындалсын. Рентабельділіктің шекті деңгейін энергия өндіруші ұйымдарға жеткізу қажет.

2.5.9. Қазақстан климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша өзіне міндеттемелер қабылдады. Бұл көмір, газ өндірісін дамытуға шектеу болып отыр. салдарынан он мыңдаған кеншілер жұмыссыздар қатарына қосылды. Бұл әрекет әлеуметтік шиеленістерге ұласып барады. Сондықтан қысқартылған кеншілер мен көмір өнеркәсібінің басқа да қызметкерлерін қайта даярлау және жұмысқа орналастыру жөніндегі бағдарлама қабылдау қажет.

2.5.10. Жаңартылатын энергия көздерін (күн және жел) құру технологиялары үнемі жетілдіріліп отыруы тиіс. Біз бұл қадам арқылы электр энергиясына деген сұранысты толық қанағаттандырамыз және электр бағасын төмендете аламыз.

2.5.11. Біз осы салада түбегейлі реформа жүргізуді ұсынамыз. Реформаның мақсаттары төмендегідей:

- Біз нарыққа жаңартылған энергия көздерін енгізуіміз қажет. Осылай ғана нарықтағы бәсекелестікті арттырып, оны жаңа деңгейге көтереміз;

- Нарықтағы бәсекелестікті дамыту – инвестиция тартуға жол ашады. Ал біз бұл қадам нәтижесінде, энергетика саласына инновациялық технологияларды енгіземіз.

- баға резервациясынан шығу және мемлекет бекіткен саланы жаңғырту бағдарламасын әзірлеу;

- мемлекет тарапынан халыққа өтемақы өтеу;

- саланы реттеу жүйесін өзгерту.

2.5.12. Біз – шикізат ресурстарын экспорттау кезінде трансферттік бағаны қатаң сақтау және капиталды оффшорға шығарудың жолын кесуді талап етеміз!

2.6 Кедейшілікпен күрес туралы заң

Кедейлік дерті Қазақстанның мыңдаған азаматтары үшін ақиқатқа айналды. Әлеуметтік мемлекет бола отырып, Үкімет бұл індетті жоюға келгенде қауқарсыз. Жұмыссыздықпен күресу бағдарламасы жоқ. Қолданыстағы бағдарламалар уақытша және азаматтарды тұрақты жұмыспен қамти алмайды. Сонымен қатар, шенеуніктер мұны ақшаны игеру үшін «қосымша қалтаға» айналдырды. Қазақстан Халық партиясы кедейлікке қарсы күрес туралы заң әзірледі талап етеді.

Көршілес Қытайда кедейлікке қарсы заң қабылданғаннан кейін үкімет 10 жыл ішінде 780 миллион адамды қайыршылықтан құтқарды. Тиімді Халық Үкіметі құрылса, біздің 3 миллион азаматымыз үшін қысқа мерзімде жасай алады.

2.7 Жер мен жер қойнауындағы байлықтар халыққа тиесілі

2.7.1. Қазақстан Халық партиясы әрбір азаматтың ұлттық байлықтан үлес алу тетігін ұсынады. Ол үшін норвегиялық Қордың моделі бойынша «Халық қорын» құру қажет. Сол арқылы қазақстандықтар шенеуніктердің араласуынсыз жыл сайын дивидендтерін ала алады. Ұлттық компаниялар мен мемлекет меншігі-

**Қазба байлықтан
түскен табыс –
халыққа!**

Қолдаймын!

ӘЛІШЕР БОКУНОВ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

не қайтарылған кәсіпорындардың барлық пакеттері халық иелігінде болуы тиіс. Бұл Қазақстан азаматының ұлттық байлық есебінен алынған базалық табысы болады.

2.7.2. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бергі барлық, оның ішінде шетелдік инвесторлармен жасалған келісімшарттардың талаптарын қайта қарау қажет. Кәсіпорынды заңсыз жекешелендіру немесе өзге де құқықтық және салықтық заң бұзушылықтар анықталған жағдайда оның күшін жойып, инвестор мен мемлекеттің міндеттемелерін қайта есептеу қажет.

Осы жылдар ішінде инвесторлар табысқа кенелді. Сондықтан қайта есептеу, олардың қалталарын қақпайды. Маңыздысы, қараша халықтың да жағдайы ескерілетіндей шарттың барлық тараптары қанағаттандырылуы тиіс.

2.8 Мәдениет және өнер

Біз мәдениет пен өнердің материалдық базасын дамыту және нығайту жөніндегі пәрменді шараларды қолдаймыз. Кітапхана ісі туралы Заң қабылдау қажет. Мектеп кітапханашыларына кітапханашы-педагог мәртебесін беру керек. Мұрағат мекемелері мен мұражайлардың жағдайларын жақсарту қажет.



3.1

Тегін медицина
және тегін білім

3.1.1. Қазақстан Халық партиясы балабақшалардан бастап халыққа тегін медициналық қызмет көрсетуді және тегін білім беруді қолдайды. Себебі, еліміз әлеуметтік мемлекет болғандықтан, жоғарыда аталған қызмет түрлерін билік толық тегін қамтамасыз етуі тиіс. Біз дәрігерлер мен медбикелердің, балабақша тәрбиешілері мен күтушілердің, мұғалімдер мен жаттықтырушылардың мәртебесін көтереміз. Балалардың өмірін құтқаратын және тәрбиелейтін барлық мамандарға лайықты жалақы төленіп, жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасалуы тиіс.

3.1.2. МӘМС пен ӘМСҚ қатысты сын қоғам ішінде көптен бері айтылып келеді. Дәйексіз медициналық қызметтер үшін қаржы құйып, оның «қызығын» да көрмей жатқан отандастарымыз жетерлік. Тіпті, жұмысқа қабілетті 3 миллионға жуық азаматтар медициналық сақтандырумен қамтылмаған. Салық төлеушілер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік сақтандырудың аражігін ажырата да алмайды. Сондықтан әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорындағы жеке шотын басқаруды әрбір азаматтың өзіне қалдыру қажет. Ең бастысы, тек оның келісімімен ғана медициналық қызметтер үшін

ақша есепшоттан алынуы тиіс. Сонымен қатар, медициналық ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік желісі бойынша тікелей транштармен өтетін республикалық бюджеттен қаражат ӘМСҚ-ға жіберілуі оңтайлы деп есептейміз.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан денсаулық сақтауды дамытудың 5 жылдық жоспарына сай жергілікті бюджеттерге жыл сайын қаражат аударылсын. 2018 жылдан бастап енгізілген шағын-орта бизнес үшін қосымша ӘМСҚ аударымдарының күшін жою қаже

3.2 Көпбалалы, жалғызбасты және мүгедек балалардың аналарын қолдау

3.2.1. Өмір сүру сапасы одан әрі нашарлаған және зардап шеккен санаттағы отбасыларды қолдаудың тиісті деңгейі болмаған жағдайда қоғам тұтастай құлдырауға тап болады:

- туу коэффициенті айтарлықтай төмендейді. Себебі, әйелдер мемлекет тарапынан қолдау көрмегендіктен көп баланы дүниеге әкелгісі келмейді. Салдарынан көп балалы отбасылар саны азаяды;

- неке институты да зардап шегеді. Өйткені, біз көптеген отбасылар мемлекет көмегін алу үшін ажырасуға өтініш бергенін көріп отырмыз. Екіншіден, жас отбасылар ұрпақ сүюге

ынталы емес. Сондықтан жылдар өте ерлі-зайыптылар арасында келіспеушілік туындап, салдары жас отбасының бұзылуына әкеп соғады;

- кедейлік артып, болашақ ұрпақтың өмір сүру ұзақтығы айтарлықтай төмендейді.

3.2.2. Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

1. 1-3 бала тәрбиелеп отырған аналар үшін – қолжетімді баспана, ал көпбалалы аналарға – тегін баспана

4 және одан да көп балалары бар көпбалалы отбасыларға тегін баспана беру қажет. Сондай-ақ, ипотека беру шарттарын қайта қарап, оларды үш балаға дейінгі отбасыларға қолжетімді ету керек. Міндетті шарттардан бастапқы жарнаны алып тастауды және төмендетілген пайыздық мөлшерлемелерді (жылдық 2-ден 5%-ға дейін) белгілеуді ұсынамыз. Екінші баладан бастап 25%, ал 4 бала туылған кезден мемлекет есебінен ипотека енгізу ұсынылады.

Қазақстан Халық партиясы ауылдық аймақтарды дамыту Бағдарламасы шеңберінде ауылдық жерлерде көпбалалы отбасылар үшін тегін тұрғын үй салудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді ұсынады.

Бұл қадам қалалардағы көптеген әлеуметтік мәселелерді,

соның ішінде жұмыссыздықты, балабақшалар мен мектептердегі орындардың жетіспеушілігін шешеді.

2. АӘК-тен бас тартып, балалар жәрдемақысын арттыру

Балаларға лайықты жәрдемақы алу – тек бір ата-анаға жұмыс істеуге, екіншісі – тәрбиемен айналысуға және балалардың қауіпсіздігін бақылауға мүмкіндік береді. Бүгінгі қоғамда балалардың үнемі қараусыз қалатыны ақиқат. Өйткені, жәрдемақы жетіспеушілігінен әкесі мен анасы еңбекке араласуға мәжбүр. 2019 жылы Астана қаласында орын алған қайғылы оқиға – осының дәлелі.

Ал атаулы әлеуметтік көмектен бас тарту керек. Себебі, АӘК-ке үміткер болу үшін қатпар-қатпар құжат жинауға тура келеді. Онымен қоса, әлеуметтік шиеленісті арттырып отыр. Ең дұрыс шешім, АӘК-тен бас тартып, оның орнына балалар жәрдемақысының мөлшерін көбейту керек. Себебі, отбасыларды алаламай, ӘР БАЛАҒА жеткілікті нақты көлемде бір жәрдемақы төленуі тиіс.

Қазақстан Халық партиясы 1 балаға ең төменгі жалақы яғни, 70 000 теңге мөлшерінде тағайындауды талап етеді. Мысалы, 4 балаға берілетін жәрдемақы 280 000 теңгені құрайды, отбасындағы 2 балаға 140 000 теңге. Қазіргі уақытта 4 балаға берілетін жәрдемақы мөлшері небәрі 50 975 теңге (бір балаға 12 743 тг).

3. Ана капиталы

Бала туғанда тағайындалатын және жұмыс істемейтін аналарға берілетін төлемді 5 есеге арттыру қажет. Сонымен қатар мүгедек балалардың және жалғызбасты аналар үшін арнайы жалақы белгіленуі тиіс. Олардың балаларын тегін балабақшамен қамту керек. Біз науқас баласын күтім жасап отырған аналарға ішінара ақылы демалыс енгізуді қолдаймыз. Жүкті әйелдерге арналған мамандандырылған орталықтардың желілерін дамыту қажет.

4. Балаларға арналған тегін білім, үйірмелер және бос уақытын тиімді пайдалану

Көпбалалы отбасының бүлдіршіндеріне жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін білім беру қажет. Кәсіпорндарда жұмыс жасай отырып, жоғары оқу орындарына түсуді ұйымдастыруға да болады. Бұл жас кадрлардың жұмыссыздық мәселесін шешуі мүмкін.

Шындығында, балаларға арналған шығармашылық үйірмелер мен спорт секциялары қомақты қаражатты талап етеді. Ал оны көпбалалы ата-аналардың қалтасы көтермесі ақиқат. Сондықтан мемлекет Artsport бағдарламасын тоқтатпай, көпбалалы отбасыларға спорт пен шығармашылық шығындарын қаржыландыруды жалғастыруы керек.

5. Көпбалалы аналар мәртебесі

Заңнаманың тағы бір осал тұсы – үйдің үлкені кәмелетке толғаннан кейін аналар көпбалалы мәртебесінен айырылады. Сондықтан біз балалардың жасына қарамастан төрт немесе одан да көп перзентті дүниеге әкелген немесе асырап алған аналар үшін өмір бойы мәртебесін сақтауды ұсынамыз.

6. Әйелдердің лайықты зейнетке шығуы

Қазіргі заңнамаға сәйкес 5 және одан да көп баласы бар аналар – 53 жаста, ал 4 перзенті бар көпбалалы аналар – 63 жаста (5 жылға мораторий әйелдердің зейнетке шығу уақытын 61 жаста шектеді) зейнетке шығады. Бұл заңды қайта қарау керек, өйткені мұндай теңсіздік көпбалалы отбасылардың белгілі бір санаттарын кемсіту болып табылады.

Қазақстан Халық партиясы әйелдердің зейнетке шығу жасын 58, ал 4 және одан көп баланы тәрбиелеп отырған аналарды 55 жасқа дейін зейнетке шығуын талап етеді.

Біз мүгедектігі бар жұмыс істейтін адамдар үшін зейнеткерлікке шығу жасын төмендетуді жақтаймыз. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін олар мүгедектік бойынша жәрдемақы мен зейнетақыны да қатар алуы керек.

Біз мүгедектігі бар баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған әйелдер мен ерлер 55 жаста зейнетке шығуын қолдаймыз.

Біз ата-аналарға балаларының мүгедектігін үнемі дәлелдеуді тоқтатамыз.

Біз медициналық-әлеуметтік сараптамалардың жұмысын қайта қарастырамыз.

Біз мүгедек баламен жұмыс істейтін ата-анаға күнтізбелік 12 күн қосымша ақылы демалыс беруді талап етеміз.

7. Толық емес отбасыларды қолдау

Балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған аналар оларға толықтай қамқорлық жасай алмайды. Себебі, қаржылық тапшылықтан ата-аналары жұмыс істеуге мәжбүр. Осы орайда, алимент өндіріп алу сомасы сол кездегі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болмауы тиіс! Өйткені, оларға мемлекеттен ешқандай жәрдемақы мен жеңілдіктер қарастырылмаған. Осы орайда, толық емес отбасыларды лайықты жәрдемақылармен қамтамасыз етіп, қашқын әкелерді алименттен заңсыз жалтаруға жол бермеу керек.

Мемлекеттік алимент қорын құру қажет. Бұл алимент төлеуден жалтару мүмкіндігін болдырмауға көмектеседі. Яғни, борышкерлер төленген алиментті қорға қайтарады.

Соңғы кездері жеке сот орындаушыларында алимент өндіріп алу бойынша жүздеген істер жиналып қалды. Сонымен қатар ортақ мүлікті бөлісуден қашып, алдын-ала туыстарына,

ата-әжелеріне аударудың бірнеше фактілері кездесіп отыр.

Осы орайда Қазақстан Халық партиясы әкелер және олардың жақын туыстарының, алимент өндіруде жеке сот орындаушыларының жауапкершілігін күшейту мақсатында Азаматтық кодекске және ЖСО туралы Заңға өзгерістер енгізуді талап етеді.

8. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары туралы мәселе

Көбінесе, физикалық және моральдық зорлық-зомбылықтың құрбанына нәзік жанды әйелдер түсетіні белгілі. Оның ішінде, көпбалалы аналар тағдыр тауқыметін тартып, көмекке зәру. Осы орайда, мұндай аналарға мемлекет құқықтық және психологиялық қолдау көрсету аса маңызды.

Қазақстан Халық партиясы тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жазаны қатаңдатуды талап етеді.

Қазақстан Халық партиясы әр өңірде зорлықтың құрбаны болған жандарға шағын отбасылық жатақхана салуды ұсынады.

9. Міндетті медициналық сақтандыру

Еліміздегі жұмыссыздыққа байланысты көптеген азаматтар МӘМС төлеуге қауқарсыз. Осыған орай қандай да бір аурулар

туындаған кезде емханаға бара алмайды. Жергілікті амбулаторияларға жүгінбеу нәтижесінде бұл сырқаттар созылмалы түрге ауысып, салдары қайғылы жағдайға жеткізеді.

Осы орайда көпбалалы, мүгедек балалардың аналарын және жалғызбасты аналарды мемлекеттік сақтандыру қажет.

10. «Бизнестің жол картасы-2025» Мемлекеттік бағдарламасы

Бизнесті дамыту мақсатындағы әлеуметтік осал топқа тиесілі өтеусіз гранттар бөлу бағдарламасы іс жүзінде қолжетімсіз.

Бұл ретте комиссия құрамына әкімдік қызметкерлерін емес, көпбалалы отбасы мүшелерін, ҮЕҰ өкілдерін қосу керек. Сондай-ақ, осы бағдарлама аясында көпбалалы, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар мен АӘК-ке мұқтаждарға арнайы гранттар беру мүмкіндігін қарастыру қажет.

11. Коллекторлық компаниялар жайы

Бізге жеке сот орындаушылары мен коллекторлық компаниялардың заңсыз әрекеттеріне тап болған әлеуметтік осал топ санатындағы аналар жиі жүгінеді. Олар өз өкілеттігін асыра пайдалану арқылы борышкерлердің сол сәттегі өмірлік қиын жағдайын назарға алмай, шоттарын ескертусіз бұғаттап, түрлі шектеулер қояды. Осы орайда біз коллекторлық бизнеске тыйым салуды талап етеміз.

3.3 Жастар мен жас отбасыларды қолдау

3.3.1. Жетім балалар өздеріне бөлінген тұрғын үйді жекешелендіру мәселесінде заң бұзушылықтармен бетпе-бет келеді. Оларды тұрғын үйді сатып алуға мәжбүрлейді, сонымен қатар мемлекет есебінен жөндеу жұмыстарын да жүргізбейді.

Қазақстан Халық партиясы жетім балаларды оқытудың, жұмысқа орналастырудың, тұрғын үй бөлудің барлық мәселелерін қамтитын жеке бағдарлама қабылдауды талап етеді.

3.3.2. Біз Үкіметтен балаларды қолжетімді мектепке дейінгі мекемелермен толық қамтамасыз етуді және тәрбиелеу жұмыстарын жақсартуды талап етеміз.

3.3.3. Қазақстан Халық партиясы жастарға арналған жеке мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын қабылдауды талап етеді. Тұрғын үйлер төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

- 1) тұрғын үй алаңы 40 шаршы метрден 78 шаршы метрге дейін болуы керек;
- 2) тұрғын үй кілті мемлекет ас үй сөрелерімен, кір жуғыш машинасымен, пешпен қамтамасыз етілгеннен кейін тапсырылады
- 3) тұрғын үйлерге іргелес аумақ балалар алаңдарымен, автотұрақ орындарымен жабдықталуы тиіс.

3.3.4. ҚХП бағдарламасы бойынша жастарға ұсынылатын тұрғын үй келесі санаттарға бөлінеді:

1) кейіннен сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үй. Оны жалдау мерзімі – 14 жыл;

2) ипотекалық бағдарлама арқылы жылдық 3%-бен қолжетімді тұрғын үй. Баспананы сатып алу мерзімі – 14 жыл.

3) ҚХП бағдарламасына сәйкес келетін басқа құрылыс салушылардан жаңа баспана және қайталама нарықтағы тұрғын үй. Мұнда да ипотекалық бағдарлама арқылы жылдық 3%-бен сатып алу мүмкіндігі қарастырылады.

3.3.5. Мемлекеттік мекемелерде (арнаулы орта және жоғары) білім беру мен денсаулық сақтау мамандарын тегін оқыту. Жеке колледждер, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне ең төменгі жалақы (ЕТЖ) (70 мың теңге) мөлшерінде ай сайынғы шәкіртақы бекіту.

3.3.6. Мемлекет студенттерге жатақханада тегін тұруды қамтамасыз етуі тиіс. Ондай мүмкін болмаған жағдайда мемлекеттік және жеке оқу орындарының студенттері үшін айына 77 777 теңге (700 000) мөлшерінде өтемақы белгіленеді.

Қазіргі уақытта бүкіл ел бойынша 84 мыңнан астам студент жатақханаға мұқтаж. Оның 40 мыңнан астамы Алматыда.

**Жастарға
ипотека
3%-бен
берілсін!**



Қолдаймын!

АНАСТАСИЯ ГАУФ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

**Студенттерге –
жоғары шәкіртақы
мен жайлы
жатақхана!**

Қолдаймын!

АСЛАНБИ МЕДЕУЛОВ
САЙЛАУШЫ



**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА**

3.3.7. Декреттік жәрдемақы ай сайын 1,5 ЕТЖ көлемінде (босанғанға дейін 2 ай, босанғаннан кейін 2 ай) тағайындалуы тиіс. Бұл жәрдемақы декретке дейін жұмыс істеген немесе істемеген әйелдерге де ел бюджетінен төленетін болады.

Біз халықтың жеңісіне сенеміз! Біз әділеттіліктің салтанат құратынына сенеміз!

Біз халықтың жеңісіне сенеміз!

Біз әділеттіліктің салтанат құратынына сенеміз!



1

БИЛІК –
ХАЛЫҚҚА!



2

ХАЛЫҚ
КАПИТАЛИЗМІ



3

ӘРБІР ОТБАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІҢ
ҚАМҚОРЛЫғыНДА



ҚХП-ға дауыс бер!

www.qhp.kz



ҚАЗАҚСТАН
ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ
КАЗАХСТАНА

